



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

«БЕКІТЕМІН»

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» коммерциялық емес
мекемесінің директоры

А. Жұмағұлова

20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

Жүйелік әкімгердің лауазымыдық нұсқаулығы

1. Жүйелік әкімгер мамандар санатына жатады.
2. Жүйелік әкімгер лауазымына бейінді кәсіби білімі, дербес компьютерлер мен ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету және жөндеу тәжірибесі бар, оқшауланған желілер негізін (TCP/IP хаттамалар ағыны, желілік жабдық, оқшауланған есептеу желілерінің құрылу қағидаты) білетін адам тағайындалады.
3. Жүйелік әкімгер:
 - 3.1. Оқшауланған есептеу желілері жабдықтарының, ұйымдастыру техникасының, серверлер мен дербес компьютерлердің техникалық сипаттамасын, арналымын, жұмыс режимін, конструктивті ерекшелігін, техникалық пайдалану ережесін.
 - 3.2. Оқшауланған есептеу желілерін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді.
 - 3.3. Дербес компьютерлер мен ұйымдастыру техникасын жөндеу қағидаттарын.
 - 3.4. Бағдарламалау тілдерін және әдістерін.
 - 3.5. Аппараттық қауіпсіздік негіздерін, аппаратты рұқсатсыз енуден, зақымданудан немесе әдейі бұрмалаудан қорғау тәсілдерін.
 - 3.6. Техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібін.
 - 3.7. Ішкі еңбек күн тәртібінің қағидаларын.
 - 3.8. Еңбек заңнамасының негізін.
 - 3.9. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын білуі тиіс.
4. Желілік әкімгерді лауазымға тағайындау және лауазымнан бастау директордың бұйрығымен жүргізіледі.
5. Жүйелік әкімгер тікелей директорға бағынады.

2. Лауазымдық міндеттері

6. Жүйелік әкімгер:
 - 1) серверлер мен жұмыс станцияларына операциялық жүйелерді және жұмысқа қажетті бағдарламалық қамтымды орнатуға;

2) серверлер мен жұмыс станцияларында бағдарламалық қамтумның конфигурациясын жүзеге асыруға;

3) серверлер мен жұмыс станцияларының бағдарламалық қамтымын жұмысқа қабілетті күйде ұстауға;

4) оқшауланған желі және пошталық сервер пайдаланушыларын тіркеуге, сәйкестендіргіштер мен парольдер белгілеуге;

5) пайдаланушыларды техникалық және бағдарламалық қолдауды жүзеге асыруға, пайдаланушыларға оқшауланған желі мен бағдарламалар мәселелері бойынша кеңес беруге, бағдарламалық қамтыммен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты жасауға және оларды пайдаланушылардың назарына жеткізуге;

6) желілік ресурстарға ену құқығын белгілеуге және пайдалануды бақылауға;

7) деректерді уақтылы көшіруді, мұрағаттауды және резервтеуді қамтамасыз етуге;

8) желілік жабдықтың ақауы немесе істен шыққан кезде оқшауланған желінің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру бойынша шара қабылдауға;

9) пайдаланушылар мен бағдарламалық қамтымның қателіктерін анықтауға және оларды жою бойынша шара қабылдауға;

10) желіге мониторинг жүргізуге, желінің инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар дайындауға;

11) желілік қауіпсіздікті (рұқсатсыз ақпаратқа енуден, желілік файлдар мен деректерді көруден немесе өзгертуден қорғау), желіаралық өзара байланысты қамтамасыз етуге;

12) оқшауланған есептеу желісін серверлер мен жұмыс станцияларын вирусқа қарсы қорғауды жүзеге асыруға;

13) желілік жабдықты жаңғырту және сатып алу бойынша ұсыныстар дайындауға;

14) басқа ұйым мамандарының оқшауланған желі жабдықтарын монтаждауын бақылауды жүзеге асыруға;

15) оқшауланған есептеу желісін пайдалану ережелерін бұзу жағдайлары және қабылданған шаралар туралы директорға хабарлауға міндетті.

3. Құқығы

7. Жүйелік әкімгер:

1) оқшауланған есептеу желісін пайдалану ережесін белгілеуге және өзгертуге;

2) атқаратын лауазымы бойынша оның құқығы мен міндеттерін, лауазымдық міндетін орындау сапасын бағалау өлшемшарттарын айқындайтын құжаттармен танысуға;

3) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген міндеттерді орындаумен байланысты жұмысты жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;

4) басшылықтан лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етуін талап етуге;

5) біліктілігін арттыруға құқылы.

4. Жауапкершілігі

8. Жүйелік әкімгер:

1.1. өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан желі жұмысының бұзылғаны.

1.2. бөлінген IP адресстерді уақтылы тіркемегені.

1.3. оқшауланған есептеу желісін пайдалану ережесін бұзу жағдайлары туралы басшылыққа уақтылы хабрламағаны үшін жауапты.

2. Жүйелік әкімгер:

1) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы шегінде;

2) материалдық зиян келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасы шегінде;

3) оған бекітілген материалдық-техникалық ресурстардың оңтайлы емес және ұқыпсыз қолданылғаны;

4) қызметтік әдеп пен еңбек тәртібін сақтамағаны;

5) құпия қызметтік ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілікке тартылады.

Нұсқаулықпен таныстым: _____